ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 шілде №4360-24-00-2/1378 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта Л.Ж.Алтынбаева болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шиелі ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Номад Инновационные технологии» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.А.Пернебек
талап қоюшының өкілі Г.Ә.Назарбаева
үшінші тұлға «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілдері К.С.Абилдаев, А.А.Нуршабаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) 2024 жылдың 15 сәуірінде №24 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 394 188 теңгеге 1 жиын пилотсыз ұшатын

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 01.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.09.2024, судья Еламанов Н. Б., 09.09.2024

аппарат тауарын шартқа қол қойылған күннен кейін 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылдың 2 мамырына дейін жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 117 112 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Г.Ә.Назарбаева талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, нақтыланған талап қоюын толық қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлға «Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің өкілдері К.С.Абилдаев, А.А.Нуршабаева мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларының талабына сәйкес әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы заңды күшіне енген соттың шешімі негізінде орындалатынан көрсетті.

Бастапқы сот отырыстарына қатысқан үшінші тұлға «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының өкілі Д.Т.Ерсейтов қандай-да бір шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратынын мәлімдеді.

Жауапкер тиісті түрде сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлана отырып, сот отырыстарына қосылмады, істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыру туралы өтінішін сотқа жолдамады, сондықтан сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабы 4-тармағына сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор Э.А.Пернебек талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 01.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.09.2024, судья Еламанов Н. Б., 09.09.2024
4360-24-3-1/1386

басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.4-тармағына сәйкес, осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер тауарды жеткізбей, өз міндеттемесін орындамаған.

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 24 мамырда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талабы негізді деп саналып, қанағаттандырылуға жатады деп сот тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3-тармағында қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы 2024 жылдың 2 мамыры мен 24 шілде аралығына (1 394 188 * 0,1% * 84 күн) 117 112 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген.

Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерден 117 112 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын толығымен қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 5 359 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 01.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.09.2024, судья Еламанов Н. Б., 09.09.2024
4360-24-3-1/1386

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шиелі ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Номад Инновационные технологии» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Номад Инновационные технологии» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Номад Инновационные технологии» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 117 112 (бір жүз он жеті мың бір жүз он екі) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 5 359 (бес мың үш жүз елу тоғыз) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 01.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.09.2024, судья Еламанов Н. Б., 09.09.2024

4360-24-3-1/1386